

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ  
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т  
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ ЖЫЛҒЫ « \_\_ » \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента  
« \_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

2020 жылдың 16 қыркүйегінде  
жарияланған

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
А.Ұ. Маминге

### Депутаттық сауал

#### Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Үкіметтің тиімді жұмысының негізгі көрсеткіші қабылданатын құжаттардың сапалы орындалуы болып табылады.

Соңғы бес жылда Үкіметтің қаулысымен он бес мемлекеттік бағдарлама, тоғыс жол карталар, он бес тұжырымдама іске асырылуда, олардың алтауы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарымен бекітілген.

Өзімнің сауалымда Сіздің назарыңызды тиісті бақылаудың болмауы себебінен, мемлекеттік органдардың орындаушылық тәртібінің төмендігіне аударғым келеді.

**Бірнеше мысал келтіруге рұқсат етіңіздер.**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде, 2018 жылдың екінші жартысында, яғни бітерде елеулі өзгерістер енгізіліп маңызды индикаторлар алынып тасталды: 1) Техникалық және кәсіби білім оқу орындарының және жоғары оқу орнын мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқыған және оқуды аяқтағаннан кейін бірінші жылы жұмыспен қамтылған түлектерінің үлесі 2) мектептердің жалпы санынан апатты мектептердің үлесі 3) үш ауысымда сабақ жүргізетін мектептердің үлесі 4) жалпы қажеттіліктен мектепке дейінгі ұйымдарға орын қажеттілігінің азаюы.

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясаты тұжырымдамасы шеңберінде елу төрт іс-шарадан тұратын Тұжырымдама бекітілді.

Алдын ала талдау көрсеткендей, көптеген тармақтар ішінара орындалған, кейбір тармақтардың негізгі мақсаттарына қол жеткізілмеген. Жоспар тармақтарының орындалуын ресми деп атауға болады, Үкімет тарапынан іске асыруға тиісті бақылау жоқ.

Басқа мысал, 2017 жылы Үкімет 2023 жылға дейін Қазақстан Республикасының туристік саласын дамыту тұжырымдамасын бекітеді, іс-шаралар жоспарында елордада іске асырылатын он тоғыз жеке тармақ көзделген, сол 2017 жылы Мәдениет және спорт министрлігі Астанада (қазіргі Нұр-Сұлтанда) туризмді дамытуға бағытталған жиырма төрт тармақтан тұратын жеке Жол картасын әзірледі. Бір бірін қайталайтын құжаттардың қажеттілігі түсініксіз.

2018 жылы отыз тармақтан тұратын «NEET» жастарды жұмыспен қамту және әлеуметтендіру жөніндегі жол картасы» бекітілді.

Мәселен, жиырма бесінші, жиырма алтыншы тармақтарға сәйкес NEET санатындағы жастардың интеграцияланған деректер базасын құру 2019 жылдың бірінші қаңтарында жоспарланған, бірақ бұл тармақ әлі күнге дейін орындалмаған, NEET санатындағы жастардың нақты санын білмесек, мемлекеттік қолдаудың қандай шаралары туралы айтуға болады деген сұрақ туындайды.

Орындалуы туралы есеп ресми сипатта болады, бірқатар индикаторлар мен көрсеткіштерді есептеу кезінде оң статистика үшін әртүрлі «ыңғайлы» деректер пайдаланылады. Тұтастай алғанда, жоғарыда аталғандардың барлығы ағымдағы мәселелерді талдаудың болмауын, тиімсіз жоспарлауға және қажетсіз индикаторлардың, көрсеткіштер мен іс-шаралардың көпшілігінің табысты орындалуына әкелетін ведомствоаралық өзара іс-қимылдың әлсіздігін көрсетеді

Екінші өзекті мәселе Ашықтық принципін бұзылуы. Мемлекеттік органдардың бірде бір интернет ресурстарында айтылып кеткен мемлекеттік бағдарламаларды, тұжырымдамаларды, жол карталарын іске асыру барысы туралы бірде бір өзекті ақпарат жоқ.

Осыған байланысты, құрметті Асқар Ұзақбайұлы келесі шараларды қабылдау қажет деп санаймын:

1. Соңғы 5 жылда қабылданған Жол карталарының және қабылданған құжаттардың орындалуына талдау жүргізу;
2. Үкіметтің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 Қаулысына жол карталарын регламенттеу бөлігінде өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарау;
3. Осы айтып кеткен құжаттарды іске асыруға қатысатын мемлекеттік органдардың жауапкершілігін қатаңдату және сол

мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын арттыру жөнінде тиісті шаралар қабылдау;

4. Есеп беру қағидасын өзгерту, бұл ретте цифрлауға назар аудару қажет. Мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру туралы есеп тек мәтіндік материалдардан ғана болмауы тиісті. Жүргізілген іс-шаралар туралы фото және бейне материалдармен дәлелденуі қажет.

**«Nur Otan» партиясы  
фракцияның мүшесі,  
депутат**

**Жұлдыз Омарбекова**

Орын: М.Калбаева 746453